

## 2011 жылға арналған халықтың нысаналы топтарын анықтау туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 13 мамырдағы № 134 қаулысы. Қостанай облысы Қарабалық ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 25 мамырда № 9-12-159 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімі аппараты бысшысының 2013 жылғы 2 мамырдағы № 05-10/468 хатымен)

**Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімі аппараты бысшысының 02.05.2013 № 05-10/468 хатымен).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 1-тармағы 13), 14) тармақшаларына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5-бабы 2-тармағына, 7-бабы 2-тармақшасына сәйкес және халықтың нысаналы топтарын жұмыспен қамтуға жәрдемдесу мақсатында Қарабалық ауданының әкімдігі

### **Қ А У Л Ы**

### **Е Т Е Д І :**

1. 2011 жылға арналған жұмыспен қамтуға жәрдемдесу үшін халықтың нысаналы топтары осы қаулының қосымшасына сәйкес анықталсын.

2. "Қарабалық ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғаларды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу бойынша шараларды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М. А. Исенбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ф. Филиппов

Ә к і м д і к т і ң

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

1 3

м а м ы р д а

№ 134 қаулысымен бекітілді

**Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу үшін**

**2011 жылға арналған халықтың нысаналы топтары**

1. А з қ а м т ы л ғ а н д а р .
2. Жиырма бір жасқа дейінгі жастар.
3. Балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар.
4. Кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғызбасты, көп б а л а л ы ата - а н а л а р .
5. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп т а н ы л ғ а н адамдар бар а з а м а т т а р .
6. Зейнеталды жасына келген тұлғалар (жасы бойынша зейнетке шығуға екі ж ы л қ а л ғ а н ) .
7. М ү г е д е к т е р .
8. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босатылған т ұ л ғ а л а р .
9. Бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан б о с а т ы л ғ а н т ұ л ғ а л а р .
10. О р а л м а н д а р .
11. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын б і т і р у ш і л е р .
12. Жұмыс беруші – заңды тұлғаның таратылуына немесе жұмыс беруші – жеке тұлғаның қызметінің тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған тұлғалар.
13. Ұзақ уақыт жұмыс істемегендер (он екі және одан да көп ай).
14. Техникалық және кәсіби, ортадан кейінгі білім беру ұйымдарын б і т і р у ш і л е р .
16. Елу жастан асқан тұлғалар.